

**«Фонд благотворительности «Жомарт»
қоғамдық қорының құрылтайшылары жиналысының
№1 ХАТТАМАСЫ**

Павлодар қаласы

14 қазан 2019ж.

ҚАТЫСҚАНЫ:

1. Мектеп әкімшілігі
2. «Фонд благотворительности «Жомарт» қоғамдық қорының құрылтайшылары
3. Мектеп асханасының жалгері
4. Әлеуметтік педагог

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Оқушылардың тамақтануы бойынша перспективті ас мәзірін талқылау

Осы сұрақ бойынша алғашқы сөзді мектеп асханасының жалгері Алдунгарова М.К. алды. Жалгер жиналыстың қатысушыларын «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық – эпидимиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығы және «Орта білім беру ұйымдарында оқитындарды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалармен мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарда тәрбие алатын және оқитын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарлар сатып алу қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №717 бұйрығының негізгі талаптарымен таныстырды. Сол талаптарға сай жылдық перспективті ас мәзірі құрастырылды. Ас мәзірінің құрамына балалардың өсуі мен дамуына қажетті пайдалы тағам түрлері енгізілді: сорпалар, ботқа түрлері, салаттар, гарнирлер, сусын-шырындар, тоқаштар және т.б. Сонымен қатар, жоғарыда аталған заңнамаларға сәйкес келмейтін және білім беру ұйымдарында рұқсат етілмейтін тағам түрлерімен таныстырды. Мектептегі арнайы денсаулығы бойынша диета ұсынылған оқушыларға арнайы бөлек ас мәзірінің әзірленетіндігін ескертті.

Екінші болып мектептің әлеуметтік педагогы Есебаева З.Е сөйледі. Аз қамтылған және көпбалалы отбасыларда тәрбиеленетін және жетім балалар тегін ыстық тамақпен қамтылған. Жаппай оқыту қорынан бөлінген қаражатпен 103 оқушы тамақтанады. Жалгер есебінен мектепте 8 бала тамақтанады. Жалпы жаппай оқыту қорынан есебімен бір балаға 330 тг бөлінетінін ескертті.

ШЕШІМІ:

1. Перспективті ас мәзірі «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық – эпидимиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығы және «Орта білім беру ұйымдарында оқитындарды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалармен мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарда тәрбие алатын және оқитын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарлар сатып алу қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №717 бұйрығының талаптарына сай құрастырылды;
2. Ас мәзірінде рұқсат етілмеген тағамдар енгізілмеген.

Төрайымы:
Хатшысы:

Мендыбаева А.С.
Кульбекова Ш.М

